

**"Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы № 1324 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 1 тамыздағы № 565 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы № 1324 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 49, 627-күжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) 1-қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттері және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері орынбасарларының шекті саны,";

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері:

1) жергілікті бюджеттерде бар қаражат шегінде, жұмыс істейтін қызметкерлер үшін заңнамада белгіленген кепілдіктерді қамтамасыз ете отырып, осы қаулыға 1-қосымшада белгіленген штат санының лимиттері шегінде әкімдер аппараттары мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың атқарушы органдарының штаттық кестелерін бекітсін;

2) осы қаулыға 2-қосымшада белгіленген штат санының лимиттерін сақтай отырып, жергілікті бюджеттерде бар қаражат шегінде, жұмыс істейтін қызметкерлер үшін заңнамада белгіленген кепілдіктерді қамтамасыз ете отырып, осы қаулыға 1-қосымшада белгіленген штат санының лимиттері шегінде айқындалған әкімдер аппараттары мен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) атқарушы органдарының және қалалардағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер әкімдерінің аппараттары штат санының лимиттерін бекітсін және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына жеткізсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және қалада аудандары бар облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері қаладағы аудандардың әкімдері орынбасарларының шекті санын белгілесін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттері мен облыстардың, Алматы және Астана қалаларының, аудандардың (

облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері орынбасарларының шекті саны осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 1 тамыздағы  
№ 565 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2004 жылғы 15 желтоқсандағы  
№ 1324 қаулысымен  
бекітілген

**Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттері және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері орынбасарларының шекті саны**

Өңірлер	Барлығы, штат саны * (бірлік)	Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері орынбасарларының саны (бірлік)
1	2	3
Ақмола	3391	5
Ақтөбе	2555	5
Алматы	4145	5
Атырау	1655	5
Шығыс Қазақстан	4194	5
Жамбыл	2747	5
Батыс Қазақстан	2407	5
Қарағанды	3637	5
Қостанай	3644	5
Қызылорда	1995	5
Маңғыстау	1285	5
Павлодар	2929	5
Солтүстік Қазақстан	2792	5
Түркістан	4064	5
Алматы қаласы	1491	5
Нұр-Сұлтан қаласы	941	6

Шымкент қаласы	721	5
ЖИЫНЫ	44593	86

Халқының саны 400000 адамнан аз облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері орынбасарларының шекті саны 3 бірліктен аспауы тиіс. Халқының саны 400000 адамнан астам облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері орынбасарларының шекті саны 4 бірліктен аспауы тиіс. Халқының саны 800000 адамнан артық облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері орынбасарларының шекті саны 5 бірліктен аспауы тиіс.

Халқының саны 250000 адамнан аз аудандардың әкімдері орынбасарларының шекті саны 3 бірліктен аспауы тиіс. Халқының саны 250000 адамнан астам аудандардың әкімдері орынбасарларының шекті саны 5 бірліктен аспауы тиіс.

\* Саны облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бойынша мемлекеттік қызметшілердің штат санын ескере отырып көрсетілген және әкімдер аппараттарының және облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудандар, облыстық маңызы бар қалалар, Қарағанды, Шымкент, Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларындағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілері санын қамтиды.